



# ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 48/433

04 декабря 2015 года

## Вестник

**Мемлекет басшысы Н.Назарбаев Қазақстан халқына кезекті Жолдауын жариялады**

**Президент РК Н.Назарбаев озвучил очередное Послание народу Казахстана**

### «ҚАЗАҚСТАН ЖАҢА ЖАҒАНДЫҚ НАҚТЫ АХУАЛДА: ӨСІМ, РЕФОРМАЛАР, ДАМУ»

### «КАЗАХСТАН В НОВОЙ ГЛОБАЛЬНОЙ РЕАЛЬНОСТИ: РОСТ, РЕФОРМЫ, РАЗВИТИЕ»

Үстіміздегі жылдың 30 қарашасында Астанадағы Тәуелсіздік сарайында мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына дәстүрлі Жолдауын жариялады. Елбасының Жолдауы біздің еліміздің жаһандық дағдарыс жағдайындағы іс-қимылына арналды.

В понедельник 30 ноября в Астане во Дворце Независимости Глава государства Нурсултан Назарбаев выступил с ежегодным Посланием народу Казахстана. Обращение Президента РК было посвящено действиям нашей страны в условиях мирового кризиса.

В своем очередном Послании Президент назвал основные шаги для выхода из кризиса. Он отметил, что «нынешний кризис не свалился нам на голову неожиданно. Я неоднократно говорил, что новая волна неизбежна».

Как отметил Елбасы, Казахстан впервые применяет упреждающую антикризисную стратегию. Во-первых, по его словам, начата вторая пятилетка индустриально-инновационного развития, а именно создание независимой от сырьевых ресурсов экономики. Президент напомнил, что принята государственная программа «Нұрлы Жол».

«Важный аспект антикризисных мер связан с переходом национальной валюты к плавающему курсу. В-третьих, мы реализуем



план нации «100 конкретных шагов» к реализации пяти институциональных реформ. Парламент работает над законодательным обеспечением плана нации, за что надо сказать благодарность нашим депутатам. Это была очень сложная работа, потому что нужно было быстро запустить эту программу. Это почти 80 законов, многие из которых мною уже подписаны», - сказал президент. Они начнут работать уже с 1 января следующего года.

Касаясь темы глобального экономического кризиса Елбасы отметил, что он имеет всеохватывающий характер, нестабильны практически все мировые рынки, однако президент призвал поверить в тенге. Глава государства подчеркнул, что сегодня в условиях нестабильности в мире, «важно добиться укрепления доверия к национальной валюте через расширение инструментов дедолларизации». По данному вопросу Правительству и Нацбанку

надо подготовить конкретные предложения», - поручил Президент.

Кроме прочего Н.Назарбаев поручил создать Правительственный Совет по привлечению инвесторов, разработать новую программу приватизации, продолжить легализацию, провести полную ревизию всех бюджетных программ, вывести Единый пенсионный фонд из-под контроля Нацбанка, разработать четкую процедуру банкротства физических и юридических лиц и разработать новую социальную политику.

В его речи, как обычно, особое место было отведено и повышению пенсий и зарплат бюджетникам.

Было и несколько громких заявлений со стороны Президента. Это касается критики нацхолдингов «Самрук-Казына» и «КазАгро» и повышения налогов. Кроме того, президент заявил, что кризис научит жить чиновников по средствам. Ну и то, что возврата к практике подерживания тенге не будет.

И наконец главное, что сообщил Президент: Казахстан стал полноправным членом ВТО и то, что с 2017 года в Казахстане введут бесплатное для всех профтехобразование.

**Қазақстан Республикасы Президентінің баспасөз қызметі  
Пресс-служба Президента  
Республики Казахстан**

#### Жолдау туралы пікір

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың биылғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауының ерекшелігі басым. Бұл Жолдау тәуелсіздігіміздің 25-жылдығы қарсаңында, бүкіл әлемдегі күрделі экономикалық дағдарыстың шиеленіскен кезеңінде жарияланып отыр. Мемлекет басшысы бүгінде республика экономикасы күрделі дағдарысқа қарамастан жұмыс істеп жатқанына назар аударды, сондай-ақ елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы және негізгі мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуы туралы баяндады.

Елбасы энергия тасымалдаушы өнімдер бағасының төмендеуі себепті ел бюджетіне түсетін кірістердің қысқарғанын, сонымен қатар, өзге экспорттық тауарлардың негізгі түрлерінің, соның ішінде қара және түсті металдардың, көмірдің бағасы төмендегеніне назар аударды. Бұл ретте ауыл шаруашылығы, өнеркәсіптік кәсіпорындар, соның ішінде машина жасау саласындағы өнеркәсіптік кәсіпорындардың көрсеткішін арттырудың, маңыздылығын атап өтті. Қазақстан Президенті әлемдік нарықтағы күрделі ахуалға қатысты тұжырымдар жасалып отырғанына назар аударды. «Әлемдегі, соның ішінде Еуропа мен Шығыс Азиядағы экономиканың ахуалын ескере

отырып, жағдайдың жуық арада жақсаруын болжау мүмкін емес. Халқымыз қалыптасқан жағдайды білуі тиіс, кәсіпорындарымыздың кірісі азайып, табыстың төмендеуі және жұмыс орындарының қысқаруы ықтимал. Бұл дағдарыс ілгері жылдардағыдан да күшті, нағыз дағдарыс дендеп келеді. Осыған байланысты Үкіметке талдау жасауды, дағдарысқа қарсы жұмыстардың жоспарын әзірлеуді, қажетті шараларды белгілеп, оны халыққа жеткізуді тапсырамын» - деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті мемлекет азаматтардың әлеуметтік көңіл-күйінің төмендеуіне жол бермейтінін тағы да қадап айтты. Қиын кезеңдерге қарамастан, мемлекет басшысы білім саласына, ұстаздардың әлеуметтік жағдайына ерекше көзқарас танытып келеді. «Нұрлы Жол» бағдарламасы еңбекпен қамту бағдарламасын толықтыруға, кәсіптік-техникалық білім арқылы жана мамандық алу мүмкіндігін кеңейтуге жағдай жасайды. Осылайша жұрт қажет болған жағдайда өз кәсіпорнында жаңа мамандық ала алатын болады, яғни 2017 жылдан бастап қазақстандықтарға тегін кәсіби-техникалық білім беріледі. Сонымен қатар, бізде халықтың әлеуметтік әлсіз

топтарын қолдауды жалғастыратын болады. Осы орайда Мемлекет басшысы жаһандық дағдарыс жағдайына қарамастан жалақыны еселеу мүмкіндігі барын атап өтті. «Жаңа жылдан бастап бюджет қызметкерлерінің жалақысы, әлеуметтік жәрдемақылар мен шәкіртақы орташа алғанда 30 пайызға дейін көбейетін болады. Осының барлығы халықтың болашаққа сеніммен қарап, алаңсыз өмір сүруіне негіз болады» - деді Елбасы. «2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап денсаулық сақтау саласының жалақысы 29%-ға, білім беру саласының жалақысы 28%-ға артады» - деп толықтырды Елбасы. Сондай-ақ, келер жылы «Б» корпусының мемлекеттік қызметкерлерінің еңбекақысы 30 пайызға артап. Бұл – Жолдаудағы жақсы жаңалықтың бірі.

Осы Жолдау бойынша Мемлекет басшысы Үкіметке бірқатар нақты тапсырма берді. Жолдауда айтылған міндеттерді абыроймен атқару, әрі жүзеге асыру-әрбіріміздің басты парызымыз.

**О. Айтбенов,  
№1 жсалты білім беретін орта мектептің  
мұғалімі**

#### Отзв на Послание

Послание нашего Президента – это, сверенный с объективной ситуацией в стране и в мире, реальный анализ и конкретный план действий по сохранению того, что было достигнуто за короткое в историческом измерении время становления нашего государства.

Меня, как бывшего госслужащего, особенно заинтересовали предстоящие реформы в системе государственной службы.

Действительно – бремя власти, соблазны возможностей государственной казны – испытание не из легких.

Говоря о предстоящих реформах, наш Президент еще раз напомнил чиновникам, что ключевое слово в их звании – служащий людям от имени Государства. Думаю, что при создании равных возможностей карьерного роста адекватной системы оплаты труда государственная служба будет привлекательна для талантливых, высоко образованных, амбициозных и в то же время не смотрящих на людей свесока, людей с лидерскими качествами.

**Хырмызы Айдарбекова,  
г.Приозерск**

## МЕМЛЕКЕТТІҢ ТҰҒЫРЛЫ ТІРЕГІ

«Адамның тіршіліктегі өзге жаратылыстардан айырмашылығы тілінде» - деп бекер айтылмаған. Жер шарындағы әр ұлттың өз тілі бар, олар сол арқылы бір-бірімен сөйлеседі, түсініседі, табысады!.. Тіл – мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені және болашағы. Биыл тәуелсіздігіміздің таңы атқанына ширек ғасырға жуықтайды. Тіл мен тәуелсіздік – егіз ұғым. Тіл тәуелсіздігіміздің қуатты құралы, асыл ойы мен парасат белгісі, елдігіміз бен бірлігіміздің туы. Еліміз тәуелсіздік алғалы бері жүргізіліп келе жатқан тіл саясатының арқасында қазіргі таңда қоғамда тіл туралы оңды көзқарас қалыптасып отыр. Мемлекеттік тіл мәртебесіне ие қазақ тілі бүгінде ұлттық руханиятымыздың өзегіне айналды.

Әр халық ана тілін дамытуына, әлемдегі бүкіл елдің мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі ұжымдық құқығын жүзеге асыруына заң жүзінде мүмкіндік алды. Тіл заңнамасының түп негізі – Қазақстан Республикасының Атазаңы, Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңы – халықаралық тілді дамытудың өлшем үлгілеріне сәйкес келеді. Осы Заң Қазақстан Республикасында тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін, мемлекеттің оларды оқып үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі міндеттерін белгілейді, Қазақстан Республикасында қолданылатын барлық тілге бірдей құрметпен қарауды қамтамасыз етеді.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде»

деуі – Қазақстандағы тіл саясатының бүгінгі мен болашағын айқындайды. Ел тәуелсіздігінің ең маңызды нышаны – мемлекеттік тіл. Қазақстанды мекендейтін әртүрлі ұлт өкілдерінің тіліне құрмет көрсету, олардың ана тілінде білім алып, төл мәдениетін дамытуына жағдай жасау – мемлекетіміздің маңызды стратегиялық саясаты. Бүгінгі күнге дейін тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020-жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру, мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, мемлекеттік тілге деген құрмет пен сүйіспеншілікті арттыру мақсатында қаламызда көптеген іс-шаралар ұйымдастырылды. Тілдер күнінің жүйелі түрде өткізілуі, өзге ұлт өкілдері арасында ұйымдастырылатын әр түрлі тақырыптағы байқаулар мен оқулар, жыр кештері

#### Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында

мемлекеттік тілдің дамуына әсер етері сөзсіз. Бүгінгі таңда қазақ тіліндегі балабақшалар мен мектептерге өзге ұлт өкілдерінің балаларын көптеп беру үрдісі байқалады. Бұл өз кезегінде жұрттың мемлекеттік тілге болған құрметінің арта түскенін байқатады.

Тіл – адам мен адамды, ұлт пен ұлтты жақындастырып, табыстыратын құрал. Сондықтан да біз оны халықтар арасында достықтың бастауы, олардың ынтымағы мен береке-бірлігінің тірегі ретінде қадір тұтамыз. Қоғам дамуының басқа салаларымен қатар мемлекеттік тіл де тең дәрежеде дамуы қажет, өйткені ол мемлекет тәуелсіздігінің баянды болуына негіз жасайтын басты тіректердің бірі болып табылады.

**Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ**



## ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРГЕ БАСТАР ЖОЛ

Өткен дүйсенбі күні Елбасы өзінің Қазақ-стан халқына арнаған Жолдауын жария етті. Жолдауды мұқият тыңдады және халық үшін, соның бір бөлшегі болған мен үшін де қажетті болған тұстарын түртіп отырдым. Міне, әлем бойлап ойқы-шойқы жағдайда, дағдарыс дендеп, жағадан алып тұрғанда біз және жалпы қазақ-стандықтар сол кемеңгер басшымызға арқа сүйедік. Сол кісінің сөзіне құлақ қойып, ісіне ілесуге бел байлап отырмыз. Мемлекет басшысы біздің сол сенімімізді нығайта түсетін, халықты жігерлендіретін «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты жаңа Жолдауын жариялады. Бұл да аумалы-төкпелі заманның өзі әкеліп отырған көкейкесті тақырып еді. Аты айтып тұрғандай, заман талабына сай іс-қимыл жасайтын, өсімді арттыратын, реформаларды іске асыратын, сөйтіп дамуды тездететін ұрымтал кезең келді. Елбасы сөз басында бұндай заманды кенестік жүйе ыдырап, еліміздің өз Тәуелсіздігін алған кездегі қиындықтарға тоқталды. Яғни, біздің халқымыз сол кезеңдегі қиын-қыстау сәттерді есімізге тағы бір салып өтті. Біз сол заманнан да өз ұмтылысымызбен, халықтың сабырын жоғалтпай, ауыз-бірлікпен жасаған әрекетінің арқасында өттік. Елбасының сөзімен айтқанда, бұл дағдарыс жаңа мүмкіндіктер мен жаңаша дамуға жол ашатын тетік болмақ.

Осы жерде Жолдаудағы менің назарымды аударатын бір мәселе «өсім» деген түйін. Біз өсім дегенде тек экономикалық өсімді ғана қолға алсақ, бұл жеткіліксіз болар еді. Жақында ғана Астанада өткен халқаралық экономикалық форумда шетелдік мамандар біздің халқымыздың санының тым аз екенін көбірек тілге тиек етті. Демографиялық жағдайымызға мән беруімізді баса ескертті. Соған орай, Елбасын жақында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны және жұмыспен қамтылуы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасына қол қойды. Өз кезегінде Н.Назарбаев-тың бұл шешімі елдің ықыласына бөленді. Енді бұл мәселе де оң шешімін тапты. Ел дамуына, қауіпсіздігіне өз септігін тигізе бермек. Қысқасы, соңғы бес-алты жылдың көлемінде Елбасының Жолдауына барынша ықылас қойып, әр жылы тыңдап келеміз. Заман ағымына, еліміз жағдайына байланысты әр жылғы Жолдаудың өзіне-тән ерекшеліктері болды. Бір байқағанымыз, халық кезекті жолдауға зор үмітпен қарайтын, өз тағдырын мемлекетке, Ұлт Көшбасшысына сеніп тапсыратын, сол арқылы Жолдау-да жолға қойылған бағыт-бағдар бойынша жұмыс атқаратын, тыныштық пен береке-бірлікті барынша сақтауға тырысатын жақсы дағды қалыптастырып келеді. Бұл – аса бағалы құндылық!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,  
газеттің арнаулы тілшісі

### Религиозное воспитание молодёжи

## МОЛОДЕЖЬ ПРОТИВ ЭКСТРЕМИЗМА И ТЕРРОРИЗМА

После распада великого и могучего Советского Союза (это более 70 лет атеизма) в Казахстане, как и во всех постсоветских среднеазиатских республиках, ставших новым регионом с независимыми государствами, стало резко наблюдаться то, что получило название

на фоне возрождения традиционного ислама в Казахстане стала наблюдаться и, увы, другая тенденция, которая может дестабилизировать социально-политическую обстановку, – распространение радикальных и фундаменталистских течений ислама, принявших



«исламского возрождения»: это рост количества верующих среди «этнических мусульман» и тех наций и народностей, для которых ислам не был традиционной религией, резкий рост количества мечетей и всей инфраструктуры ислама (образовательные и просветительские учреждения и т.д.), также расширение информационно-пропагандистских возможностей исламских организаций и ассоциаций.

на сегодня форму религиозного экстремизма. В наши дни главной темой мировых информационных агентств является Сирия и ИГИЛ. Это явление, как паразит, с каждым днем все больше окутывает своей заразой весь Ближний Восток, постепенно перекидываясь в страны Европы. И к большому сожалению проникает в Казахстан. Основными жертвами вербовщиков ИГИЛ становятся молодые люди. Как пока-

## ТОРЖЕСТВЕННОЕ СОБРАНИЕ, ПОСВЯЩЕННОЕ ДНЮ ПЕРВОГО ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

30 ноября в актовом зале Школы искусств и спорта города Приозёрск прошло торжественное собрание жителей города, посвященное Дню первого Президента Республики Казахстан.

огромный вклад в развитие нашего города. По случаю государственного праздника медицинской сестре городской больницы Г.О.Жусиповой был вручен ключ от квартиры, а молодым

После объявления ведущими об открытии торжественного собрания с поздравительной речью выступил аким города Приозёрск Камзин К.А., который остановился, в частности, на достижениях нашей молодой Республики под руководством Первого Президента Нурсултана Назарбаева, отметил его авторитет на международной арене, о росте экономики нашей страны за годы Независимости. Затем были вручены почетные грамоты и благодарственные письма активистам и труженикам города, внесшим

членам партии «НурОтан» - партийные билеты.

Присутствующим с праздником поздравили секретарь городского Маслихата Сарсембеков Б.М. и заместитель командира полигона полковник Воронов А.В. После официальной части собрания состоялся концерт художественной самодеятельности.

По окончании торжественного собрания состоялся форум, посвященный Дню Первого Президента Республики Казахстан. Было рассказано об истории государственного праздника.

Присутствующим в зале приветствовали молодые члены «ЖасҰлан» городских средних школ.

Б.Алшыбекулы,  
г.Приозёрск  
30 ноября 2015 г.  
Фото автора.



зывает печальный опыт, «психологи» используя незнания и неосведомленность нынешней молодежи в плане религии, в частности правильного ислама, используя все ресурсы, особенно интернет, активно пудрят мозги молодым людям, и последние после таких сеансов обработки, готовы хоть на краю земли воевать за «джихад». Учитывая такую тенденцию, МОН РК вело новую дисциплину в школах – религиозоведение, преподавать которое должны учителя истории, и поэтому, мы всегда должны первыми прийти на помощь старшеклассникам в плане религиозных вопросов, дать правильное духовное направление, прививать тем самым способность молодежи противостоять этому злу.

Согласно плану проводимых мероприятий по противостоянию экстремизму и терроризму, в КШДС №2 20 ноября 1915г. прошло открытое внеклассное мероприятие по религиозоведению среди учащихся старшего звена по теме «Религии мира». Среди приглашенных гостей был имам города. Учащимися были подготовлены презентации, в ходе обсужде-

ния основных заповедей и просмотра видеороликов, пришли к мнению, что все мировые религии призывают к миру и согласию среди людей, что ни одна религия не призывает с оружием в руках защищать свою веру. И что если вдруг на улицах будут раздавать сомнительную и непонятную религиозную литературу, и в интернете всякие религиозные сайты, призывающие с пеной во рту на так называемый «джихад», якобы войны за веру, то они не будут обращать никакого внимания. Также имам города отвечал на интересующие вопросы учащихся и учителей.

Борьба с экстремизмом — вопрос первоочередной значимости в сегодняшнем Казахстане, и мы учителя, не можем остаться в стороне от регулирования отношений в религиозной сфере, так как от этого зависит будущее наших детей, благополучие и процветание нашего народа, мир и спокойствие нашей республики.

Б.А.Искаков,  
учитель истории КШДС №2





## «НӨЛДІК ТӨЗБЕУШІЛІК» ТУРАЛЫ ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Қандай да тәртіп бұзушылық болмасын, оны жасаған адам, оған итермелеген факторлар болады. Бірі заңды абайсыздықпен бұзса, басқасы «ойыма келгенімді жасаймын» деп бірнеше заңды белшесінен басып, кінәсін мойындамай жататыны бар. Бұл орайда, «адам теріс қылықты не себепті жасады?», «Бұл әрекеттердің психологиялық астары неде?», деген сынды сауалдар туындайды. Қалай дегенмен, миллиондаған азаматтары бар елде сан алуан тәрбие, білім алып, әрқалай дамыған адамдар тұрады. Ал, оғаш әрекеттерімен қоғамға қауіп төндіріп жүрген азаматтармен күресуді қалай жүргізбекпіз? деген сауал да орынды. Әрине, бұл ретте қолданыстағы заңдарды күшейту – тығырыққа тіреген мәселенің бір шешімі болмақ.

Соңғы кездері заңдарды сақтауда азаматтарымызды «нөлдік төзімділікке» үйретуіміз қажет дегенді жиі еститін болдық. Аталмыш әрекеттерді АҚШ та қолданған екен. Бұл елде «zero tolerance» деген атауға ие болған. Көшелік бандалардың тәртіпсіздіктерінің жиілеп кетуіне байланысты, американдықтар қолданыстағы заңдарын күшейтіп, кішігірім заңбұзушылықтың өзі үшін бұзақыларды белгілі бір жауапкершілікке тартқан. Бұл тәжірибе енді біздің елде де кеңінен қолданылып келеді. Жуырда ғана, еліміздің Қылмыстық Кодексі бірқатар баптармен толықтырылып, кей заңбұзушылықтар үшін жауапкершіліктер күшейтілді. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында қоғамдағы құқық бұзу-



шылық пен тәртіпсіздікке «нөлдік төзімділік» қағидатын енгізу керектігін атап өткен болатын.

Өткен сәрсенбі күні «Нұр Отан» партиясы Приозерск қалалық филиалының ғимаратында Приозерск қаласы әкімдігі мен «Нұр Отан» партиясы Приозерск қалалық филиалының ұйымдастыруымен «Нөлдік төзбеушілік» тақырыбында құқық бұзушылықтың алдын-алу бойынша дөңгелек үстел отырысы өтті. Дөңгелек үстелге «Құқық бұзушылықтың алдын-алу бойынша комиссия» мүшелері, қала әкімдігі бөлімдерінің

басшылары мен қызметкерлері және қоғамдық ұйымдар, баспасөз өкілдері қатысты. Дөңгелек үстелді Нұр Отан партиясы Приозерск қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Дулат Орынбасарұлы Дүйсембаев ашты.

«Құқық бұзушылықтың алдын-алу бойынша комиссия» төрағасы Әсет Советұлы Сепбосынов аталған мәселе бойынша баяндама жасап, комиссияның және құқық қорғау саласы қызметкерлерінің өткен мерзімдегі атқарған және алдағы атқарылатын жұмыстарына тоқталды. Өткен

жылдарға қарағанда соңғы жылдары құқық бұзушылық пен оларға берілетін жазаның пайыздық мөлшері әлдеқайда кемігендігі, бұл жұмысты алдағы уақытта да жалғастыратындарын, атқарылған жұмыс барысы туралы баспасөз құралдарында жарияланып отыратынын мәлімдеді.

Дөңгелек үстел қатысушылары арасынан Приозерск қаласы мәслихатының хатшысы Бекзат Мұқсинұлы Сәрсембеков, қала әкімдігі аппаратының жетекшісі Нұртай Стамқұл, ішкі саясат бөлімінің басшысы Гүлжан Шарбекова, білім бөлімінің басшысы Гуля Қасымова, Приозерск қаласы әділет басқармасының бастығы Б.Қ.Науағамбетов, «Атамұра», «Арзу» және «Исток» этно-мәдени орталықтарының жетекшілері П.С.Кенжебекова, М.Шюкюров және С.Б.Попченко, «Құқық бұзушылықтың алдын-алу бойынша комиссия» мүшесі, қалалық аурухана директоры Н.М.Шагирвертер қалада орын алатын ұсақ бұзақылықтың алдын алу, құқық бұзушылықпен күресу барысындағы жариялықты арттыру, бейберекет шашылып жататын қоқыстардан қаланы тазарту, қала ішінде жүретін малдардың иелеріне тиісті шара қолдану, тұрғын үйлерде тәртіпсіздік пен айналы ластауға көбінесе пәтершілердің себепші болатыны, құқық қорғау органы қызметкерлеріне көмекші болатын қоғамдық қызметшілердің белсенділігін арттыру үшін оларды марапаттау мен ынтыландыруды жүйеге түсіріп, баспасөз құралдары арқылы насихаттау т.б. мәселелерді ортаға салды.

Н.ӨТЕП

### Новое в законодательстве

## ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ В КОДЕКС РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН «О НАЛОГАХ И ДРУГИХ ОБЯЗАТЕЛЬНЫХ ПЛАТЕЖАХ В БЮДЖЕТ» (НАЛОГОВЫЙ КОДЕКС) В ЧАСТИ ПРИМЕНЕНИЯ СПЕЦИАЛЬНЫХ НАЛОГОВЫХ РЕЖИМОВ (ДАЛЕЕ – СНР) И ПОРЯДКА НАЛОГООБЛОЖЕНИЯ ОТДЕЛЬНЫХ КАТЕГОРИЙ НАЛОГОПЛАТЕЛЬЩИКОВ

Управление государственных доходов по г.Приозерск, в связи с вносимыми изменениями и дополнениями в Кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс) в части применения специальных налоговых режимов (далее – СНР) и порядка налогообложения отдельных категорий налогоплательщиков, доводит до сведения следующее:

Законом Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам налогообложения и таможенного администрирования», принятым Парламентом Республики Казахстан в ноябре 2015 года (далее – Закон по налогообложению), для налогоплательщиков, получающих доходы из источников за пределами Республики Казахстан, предлагается:

распространение СНР для субъектов малого бизнеса на юридических лиц, получающих такие доходы (статья 428 НК), – с 2016 года. При этом такие налогоплательщики вправе применять данный режим с 1 января 2016 года (статья 11 Закона по налогообложению);

включение в доход налогоплательщика при применении СНР для субъектов малого бизнеса дохода, полученного за пределами территории РК (статья 427 НК), – с 2016 года.

Уточнен порядок определения размеров доходов, а также исчисления, уплаты соответствующих налогов и представления налоговой отчетности по ним налогоплательщиками, применяющими СНР на основе патента и упрощенной декларации (статья 427 НК), – с 2016 года.

Кроме того, для налогоплательщиков, применяющих СНР для СМБ, вводится норма в части необходимости исчисления, уплаты и представления налоговой отчетности по индивидуальному подоходному налогу с доходов, облагаемых у источника выплаты, обязательным пенсионным взносом и социальным отчислениям, в общеустановленном порядке, то есть с ежемесячной их уплатой и ежеквартальным представлением налоговой отчетности по ним (статья 427, 438 НК) – с 2017 года.

С 2017 года Законом Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам декларирования доходов и имущества физических лиц» (далее – Закон по ВД) устанавливается перечень видов

деятельности, при осуществлении которых индивидуальный предприниматель будет вправе применять специальный налоговый режим на основе патента:

- штукатурные работы;
- столярные и плотницкие работы;
- работы по покрытию полов и облицовке стен;
- малярные и стекольные работы;
- деятельность такси;
- грузовые перевозки автомобильным транспортом;
- управление недвижимостью за вознаграждение или на договорной основе;
- деятельность в области фотографии;
- переводческое (устное и письменное) дело;
- сдача в имущественный найм (аренду);
- сдача в имущественный найм (аренду) транспортных средств;
- прокат и имущественный найм (аренда) развлекательного и спортивного инвентаря;
- прокат видео записей и дисков;
- прокат и имущественный найм (аренда) прочих предметов личного потребления и бытовых товаров;
- сдача в имущественный найм (аренду) сельскохозяйственной техники и оборудования;
- сдача в имущественный найм (аренду) офисных машин и оборудования, включая вычислительную технику;
- услуги в области спортивного образования и образования специалистов организации досуга;
- услуги в области образования в сфере культуры;
- услуги в области прочего образования;
- вспомогательные образовательные услуги;
- ремонт компьютеров и периферийного оборудования;
- ремонт коммуникационного оборудования;
- ремонт предметов личного потребления и бытовых товаров;
- парикмахерские услуги;
- маникюр и педикюр;
- ветеринарные услуги;
- услуги по обработке земельных участков;
- услуги по уборке жилых помещений и ведению домашнего хозяйства;
- услуги носильщиков на рынках, вокзалах;
- изготовление и ремонт музыкальных инструментов;
- выпас домашних животных.

Кроме того, с 2017 года данным Законом исключается проведение хронометражного

обследования в случае представления дополнительного расчета стоимости патента на уменьшение налогов.

**Изменения касательно КФХ и сельскохозяйственных кооперативов**

Внесены изменения в статью 439 Налогового кодекса (с 2016 года) в части увеличения предельных размеров пастбищ крестьянских или фермерских хозяйств, применяющих СНР на основе ЕЗН, установления ограничения по земельным участкам, расположенным на территориях гт. Астана и Алматы (Закон по налогообложению).

Также, Законом «О внесении изменений и дополнений ...» предусмотрено обложение индивидуальным подоходным налогом доходов главы и членов крестьянского или фермерского хозяйства, применяющих СНР для крестьянских или фермерских хозяйств, превышающих пороговое значение, равное 8000-кратному МЗП, в виде суммы такого превышения (ст.156 НК) – с 2020 года.

Законом «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам сельскохозяйственной кооперации» от 29 октября 2015 года №373-V (далее – Закон о сельскохозяйственной кооперации) крестьянским или фермерским хозяйствам предоставлено право применения СНР для сельхозтоваропроизводителей с 70 %-ным льготированием налогов (далее – СНР для СХТП) при соответствии условиям, установленным статьей 448 Налогового кодекса.

Для вновь образованных крестьянских или фермерских хозяйств, желающих применять СНР для СХТП, о необходимо представление уведомления о применяемом режиме налогообложения по форме, установленной уполномоченным органом, одновременно с налоговым заявлением о регистрационном учете в качестве индивидуального предпринимателя, до реализации такого уведомления в информационных системах (по мере получения финансирования на проведение данной работы).

Также обращаем внимание, что при переходе с общеустановленного порядка или иного специального налогового режима на СНР для СХТП с 2016 года уведомление о применении режима налогообложения в соответствии с пунктом 1 статьи 450 Налогового кодекса необходимо представить не позднее 10 декабря

2015 года.

Кроме того, Законом о сельхозкооперации установлены следующие виды деятельности для сельскохозяйственных кооперативов (ранее – сельские потребительские кооперативы), на которые распространяется СНР для СХТП:

- 1) производство и реализация сельскохозяйственной продукции, продукции аквакультуры (рыбоводства);
  - 2) переработка сельскохозяйственной продукции, продукции аквакультуры (рыбоводства) собственного производства и (или) произведенной членами такого кооператива, а также реализация продукции, полученной в результате переработки;
  - 3) хранение сельскохозяйственной продукции, продукции аквакультуры (рыбоводства) собственного производства, произведенной членами такого кооператива, и продукции, полученной в результате переработки, предусмотренной подпунктом 2);
  - 4) выполнению вспомогательных видов деятельности в области сельского хозяйства, аквакультуры (рыбоводства) для членов такого кооператива;
  - 5) выполнению (оказанию) работ (услуг) по перечню, определенному уполномоченным органом в области развития агропромышленного комплекса по согласованию с центральными уполномоченными органами по государственному и бюджетному планированию, членам такого кооператива в целях осуществления ими видов деятельности, указанных в подпунктах 1)-3);
  - 6) реализации товаров по перечню, определенному уполномоченным органом в области развития агропромышленного комплекса по согласованию с центральными уполномоченными органами по государственному и бюджетному планированию, членам такого кооператива в целях осуществления ими видов деятельности, указанных в подпунктах 1)-4).
- Законом о сельхозкооперации предлагается внесение изменений в части отмены положений, запрещающих применение СНР для СХТП сельскохозяйственными кооперативами, имеющими структурные подразделения и являющимися аффилированными лицами других юридических лиц, применяющих такой СНР.

Управление государственных доходов по г.Приозерск

С Е Н И М Т Е Л Е Ф О Н Д А Р Ы

\*\*\*

Т Е Л Е Ф О Н Ы Д О В Е Р И Я

«Приозерск қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі сенім телефоны 5-49-16
Мәслихат хатшысы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.
Телефон доверия ГУ «Аппарат Приозерского городского маслихата» 5-49-16
Секретарь городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных \*\*\*
«Приозерск қаласы әкім аппараты» ММ сенім телефоны 5-41-97
Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты:
Қала әкімі - әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап
Әкім орынбасары (коммуналдық сала) - әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап
Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) - әр аптаның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап
Телефон доверия ГУ «Аппарат Акима города Приозерск» 5-41-97
График приема граждан:
Аким города - еженедельно по понедельникам с 17.00 часов
Заместитель Акима (коммунальная сфера) - еженедельно по вторникам с 17.00 часов
Заместитель Акима (социальная сфера) - еженедельно по средам с 17.00 часов.
\*\*\*
«Приозерск қаласының ветеринария бөлімі» ММ сенім телефоны: (871039)5-32-45
Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі – Бейсенбі сағат 15.00 ден 18.00 ге дейін.
Телефон доверия ГУ «Отдел ветеринария города Приозерск», (871039)5-32-45
График приема граждан руководителем

отдела – Четверг с 15.00 до 18.00 часов.
\*\*\*
«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-30-82
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін
Телефон доверия ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск» 5-30-82
График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – по вторникам и четвергам с 17.00 до 18.00 часов
\*\*\*
«Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ сенім телефоны 5-28-57
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.
Телефон доверия ГУ «Отдел жилищно - коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск» 5-28-57
График приема граждан начальником отдела ежедневно с 17.00 до 18.00 часов.
\*\*\*
«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ сенім телефоны: 5-32-48
Телефон доверия ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и

градостроительства города Приозерск»: 5-32-48
\*\*\*
«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-21-08
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтармен қабылдау уақыты: дүйсенбі, сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00ге дейін.
Телефон доверия ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск» 5-21-08.
График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела: понедельник, среда, с 17.00 часов до 18.00 часов
\*\*\*
«Приозерск қаласының білім беру бөлімі» ММ сенім телефоны 5-41-90
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: сәйсенбі күні: 16.00 ден 18.00 – ге дейін
Телефон доверия ГУ «Отдел образования города Приозерск» 5-41-90
График приема граждан начальником отдела: вторник: с 16.00 до 18.00 часов
\*\*\*
«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ сенім телефоны 5-32-99
Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі- Сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00ге дейін.
Телефон доверия ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск» 5-32-99
График приема граждан руководителем отдела- Среда с 17.00 до 18.00 часов
\*\*\*
«Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ сенім телефоны 5-20-17, 5-32-18.

Бөлімнің бастығының азаматтарды қабылдау кестесі – Дүйсенбі – Жұма сағат 16.00 ден 18.00 ге дейін.
Телефон доверия ГУ «Отдел строительства города Приозерск» 5-20-17, 53218.
График приема граждан руководителем отдела - Понедельник – Пятница с 16.00 до 18.00 часов
«Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ –нің сенім телефоны 5-29-62.
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: сәрсенбі күні: 17.00 ден және жұма күні: 18.00 ден бастап
Телефон доверия ГУ «Отдела физической культуры и спорта города Приозерск» 5-29-62.
Личный прием граждан руководителем отдела: среда с 17.00, пятница с 18.00 час.
\*\*\*
«Приозерск қалалық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы» ММ сенім телефоны 5-41-13
Телефон доверия РГУ «Приозерское городское управление по защите прав потребителей» 5-41-13
\*\*\*
«Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі» РММ сенім телефоны 5-32-19, 5-24-87
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтармен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден бастап.
Телефон доверия ГУ «Отдел экономики и финансов города Приозерск» 5-32-19, 5-24-87
График приема граждан начальником отдела - ежедневно с 17.00 часов.

К С В Е Д Е Н И Ю Н А С Е Л Е Н И Я

7 декабря 2015 года в 15.00 часов в Акимате города Приозерск Карагандинской области, войсковой частью 03080 МО РФ проводится общественное слушание проекта «Плана мероприятий по охране окружающей среды войсковой части 03080 МО РФ на 2016-2025 годы».
За подробной информацией обращаться по телефонам: 8(71039)5-23-23, +7777 680 98 70
Командование в/ч 03080 МО РФ

Х А Б А Р Л А Н Д Ы Р У \*\*\* О Б Ъ Я В Л Е Н И Я

УТЕРЯНО
Государственный регистрационный номерной знак 373АМА09 на а\м Тойота Камри, 1995 г.в., выданный МРЭО г.Балхаша на имя Бейсекова Нурлана Толеуовича, прошу вернуть за вознаграждение.
Обращаться по телефону: 8702-593 99 59

не угловая.
Тел.8-701-481-44-11, 8-777-915-19-11
\*\*\*
3-х комнатная квартира по адресу Б.Момышулы (Пирогова) д.3, кв.60. 6 этаж. Имеется 2 балкона, все окна пластиковые, квартира в хорошем состоянии, лифт работает. Цена договорная. Тел:8-701-481-47-98, 8-747-950-51-80, дом тел:5-52-40
Рассмотрим варианты!
\*\*\*
2-х комнатная квартира по адресу Б.Момышулы (Пирогова) д. 5, кв. 51. Первый этаж, имеется балкон. Квартира в хорошем состоянии. Цена договорная. Обращаться по тел. 8702-786-58-82,

У С Л У Г И
Натяжные потолки. Быстро, качественно. Мадн. Тел. 8702-698-86-13

НЕДВИЖИМОСТЬ
Продам
Приватизированную 2-комн. квартиру (распашонка), частично мебелированную, с телефоном, 2 этаж, сделан ремонт. Адрес: ул.Кисунько, 15/3 -37, не угловая. Тел.8-747-259-52-59, 8-777-259-52-59
\*\*\*
Приватизированную 2-комн. квартиру, с телефоном. Красивый вид на озеро с лоджии. Адрес: ул.Абая 17/3, 5 этаж,

Т Ә Р Т І П Т І К К Е Н Е С Т Е Қ А Р А Л Д Ы

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының «Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Қарағанды облысы бойынша басқармасы» мемлекеттік мекемесінің от 2015 жылғы 7 қыркүйектегі №2-20209-15-04554 ұсынысы негізінде, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысындағы Тәртіптік кеңесінің 2015 жылғы 13 қарашадағы № 60 шешіміне сәйкес, «Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары А. Жүсіповке бөлім басшысының бұйрығымен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының 12 бабының 1 тармағының 10 тармақшасында көзделген заңбұзушылықтарды жібергені үшін қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту түрінде тәртіптік жаза қолданылды.

Приозерск қаласының әкімдігі

РАССМОТРЕНО ДИСЦИПЛИНАРНЫМ СОВЕТОМ

На основании представления Управления Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры от 7 сентября 2015 года №2-20209-15-04554, в соответствии с решением Дисциплинарного совета агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции в Карагандинской области № 60 от 13 октября 2015 года, заместителю руководителя государственного учреждения «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск» А. Жусипову приказом руководителя данного отдела применено дисциплинарное взыскание в виде предупреждения о неполном служебном соответствии за совершение правонарушения предусмотренного пп.10 п.1 ст. 12 Закона Республики Казахстан от 2 июля 1998 года «О борьбе с коррупцией».
Акимат города Приозерск

П А Р И К М А Х Е Р С К А Я «М И Л О Л И К А»

Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру.
Ждем Вас по адресу: ул. Космонавтов, 5-107, телефон: 5-50-81
Время работы: с 10.00 час. до 19.00 час.
Выходной - Понедельник
На маникюр и педикюр запись по телефону: 8-778-854-18-33

Собственник: ИП Бухарбаева А.А. Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан Свидетельство о постановке на учет СМИ № 15037-Г от 26.12.2014г. Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, 5-107. Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор) E-mail: prz\_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prio-vestnik.kz Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15. Заказ № 48/433 Тираж: 500 экз., объем- 1п.л., формат- А2, 4 стр.
Главный редактор: Кенжебеков Б.А. Технический редактор: Струментов А.В. Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-707-204-02-60 Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz\_westnik@mail.ru
Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.